

**Қазақстан Республикасы Тұтыну қоғамдары одағының (Қазтұтынуодағы)
экспортқа шығаратын өнімдеріне кедендік баж салығын салу туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 2 сәуір
N 254. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің
1995.07.18. N 994 қаулысымен.

Тұтыну кооперациясы кәсіпорындарының сыртқы экономикалық қызметін
одан әрі дамыту және ауыл шаруашылық өнімін өндірушілерді тауарлармен және
жабдықпен қамтамасыз етуде жеңілдік жағдай жасау мақсатында Қазақстан
Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазтұтынуодағы ұйымдарының экспорттық, оның ішінде шетелдік
әріптестермен тауар айырбасы (баспабас) негізінде беретін өнімдеріне экспортқа
шығарылатын тауардың кедендік құнының 5 проценті мөлшерінде кедендік баж
салығы салынады деп белгіленсін.

2. Осы қаулы 1993 жылғы 1 сәуірден күшіне енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі